«Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау университеті» КеАҚ

ЕРЕЖЕ

«Бекітемін»
Әлеуметтік мәселелер
және жастар саясаты
жөніндегі проректоры

_____
Л.Е.Қойшығұлова
«10» 06 2026 жыл

«ЖЫЛ ҮЗДІГІ» ҮЗДІКТЕРДІ АНЫҚТАУ ЕРЕЖЕСІ

Атырау 2026 ж.

Мазмұны

1 Марапаттау кешінің мақсаты 3
2 Қатысушылар 3
3 Үздіктерді анықтау және бағалау тәртібі 3
4 Номинациялар және арнайы бағалау критерийлері 4
5 Марапаттау тәртібі 7
8 Жауапкершілігі 7
9 Қорытынды ережелер 7

1 Марапаттау кешінің мақсаты:

1.1 «Жыл үздігі» үздіктерді анықтау жыл сайын желтоқсан айында, жыл бойы үздік жетістіктерімен және белсенділігімен ерекшеленген студенттердің еңбегін бағалау, оларды марапаттау және университеттің қоғамдық өміріне белсенді қатысуға ынталандыру мақсатында өткізіледі;

1.2 Білім, ғылым, спорт, өнер және қоғамдық қызмет салаларында жоғары жетістіктерге жеткен студенттерді анықтау және қолдау;

1.3 Студенттердің білім алуға, ғылыми-зерттеу жұмыстарына және қоғамдық қызметке деген қызығушылығын арттыру;

1.4 Университеттің қоғамдық өміріне белсенді қатысатын, көшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілетімен ерекшеленетін студенттерді ынталандыру;

1.5 Облыстық, республикалық және халықаралық деңгейдегі байқауларда, олимпиадаларда, ғылыми жобалар мен спорттық жарыстарда жетістікке жеткен білім алушылардың еңбегін бағалау;

1.6 Студенттер арасында академиялық адалдықты, жауапкершілікті, белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастыру және университеттің студенттік өмірін дамытуға ықпал ету.

2 Қатысушылар:

2.1 Марапаттауға Х. Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінің білім алушылары мен студенттік ұйымдары қатыса алады;

2.2 Үміткерлер университеттің оқу, ғылыми, мәдени, спорттық және қоғамдық өміріне белсенді қатысуы тиіс;

2.3 Үміткерлер академиялық адалдық қағидаларын, университеттің ішкі тәртіп ережелерін және әдеп нормаларын сақтауы қажет;

2.4 Үміткерлердің облыстық, республикалық және халықаралық деңгейдегі жетістіктері, марапаттары мен қоғамдық қызметтегі нәтижелері ескеріледі.

3 Үздіктерді анықтау және бағалау тәртібі

3.1 Үздіктерді Х. Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінің Жастар саясаты департаменті анықтайды;

3.2 Департамент студенттік кеңес пен ұйымдардың қызметі, марапаттар, ресми жарияланымдар, оқу және ғылыми нәтижелер туралы Университеттегі қолжетімді деректерді жинақтап, салыстырмалы талдау жүргізеді. Қажет болған жағдайда мәліметтерді тиісті факультеттерден және құрылымдық бөлімшелерден нақтылайды;

3.3 Департамент әр номинация бойынша кандидаттарды осы Ережедегі критерийлер негізінде бағалап, қорытынды хаттама жасайды. Департамент басшысы қорытынды тізімді марапаттау кешіне дейін бекітуге ұсынады.

3.4 Бағалау 100 балдық жүйемен жүргізіледі. Номинацияға тән бес критерийдің әрқайсысы 0–20 балл аралығында бағаланады: 0 – дәлел жоқ; 1–5 – төмен; 6–10 – қанағаттанарлық; 11–15 – жоғары; 16–20 – айрықша нәтиже.

3.5 Бірінші кезекте жалпы балл жоғары үміткер таңдалады. Балл тең болғанда нақты нәтиженің маңыздылығы, жетістіктің деңгейі және университетке тигізген ықпалы салыстырылады; шешім хаттамада негізделеді.

3.6 Әр номинация бойынша, бір жеңімпаз анықталады. Лайықты кандидат немесе жеткілікті расталған дерек болмаған жағдайда Департамент тиісті номинацияны бермеуге құқылы.

3.7 Кез келген марапат немесе жетістік оның шынайылығы және осы есептік кезеңге қатыстылығы расталған жағдайда ғана бағаланады.

4 Номинациялар және арнайы бағалау критерийлері

Төмендегі әр жолда аталған бес өлшем 20 балдан бағаланады (барлығы – 100 балл). Критерийлер номинация мазмұнына сәйкес қолданылып, жалпы талаптармен бірге қаралады.

Номинациялар:

1. Үздік студенттік декан

1. Оқу үлгерімінің жақсы болуы және академиялық адалдық қағидаларын сақтауы – 20 баллға дейін;
2. Студенттік өзін-өзі басқару жұмысын жүйелі үйлестіруі – 20 баллға дейін;
3. Факультеттік және университеттік шараларды нәтижелі ұйымдастыруы – 20 баллға дейін;
4. Студенттер мәселелерін шешудегі нақты бастамалары – 20 баллға дейін;
5. Көшбасшылық қабілеті, жауапкершілігі және студенттермен тиімді байланыс орнатуы – 20 баллға дейін.

2. Үздік студенттік декан орынбасары

1. Оқу үлгерімінің жақсы болуы және академиялық адалдық қағидаларын сақтауы – 20 баллға дейін;
2. Студенттік деканға ұйымдастырушылық қолдау көрсетуі – 20 баллға дейін;
3. Факультет студенттерін шараларға жұмылдыра білуі – 20 баллға дейін;
4. Жаңа бастамалар мен нақты шешімдер ұсынуы – 20 баллға дейін;
5. Жауапкершілігі, тәртіптілігі және командалық жұмыстағы белсенділігі – 20 баллға дейін.

3. Үздік студент

1. Оқу үлгерімі мен академиялық тұрақтылығы – 20 баллға дейін;
2. Ғылыми-зерттеу, олимпиада және білім сайыстарындағы нәтижелері – 20 баллға дейін;
3. Облыстық, республикалық, халықаралық жетістіктері – 20 баллға дейін;
4. Университеттің қоғамдық өміріне белсенді қатысуы – 20 баллға дейін;
5 Көшбасшылық, академиялық адалдық және оң үлгісі – 20 баллға дейін;

4. Жыл балмұздағы

1. Бірінші курс студенті болуы және оқу үлгерімінің жақсы болуы – 20 баллға дейін;
2. Университеттің қоғамдық өміріне және іс-шараларына белсенді қатысуы – 20 баллға дейін;
3. Шығармашылық қабілеті мен бастамашылдығын көрсете білуі – 20 баллға дейін;
4. Студенттік ортаға тез бейімделуі және өз қатарластары арасында белсенділігімен ерекшеленуі – 20 баллға дейін;
5. Жауапкершілігі, көшбасшылық қабілеті және университеттің студенттік өміріне қосқан үлесі – 20 баллға дейін.

5. Үздік ұйым

1. Жылдық жоспар мен іс-шаралардың орындалуы – 20 баллға дейін;
2. Жобалардың қоғамдық пайдасы және нақты нәтижесі – 20 баллға дейін;
3. Мүшелердің белсенділігі мен қамтылу ауқымы – 20 баллға дейін;
4. Университеттен тыс деңгейдегі жетістіктері мен серіктестігі – 20 баллға дейін;
5. Тұрақтылығы, есептілігі және жаңашыл бастамалары – 20 баллға дейін;

6. Үздік спортшы

1. Спорт жарыстарындағы жүлделі орындары мен нәтижелері – 20 баллға дейін;
2. Республикалық және халықаралық деңгейдегі жетістіктері – 20 баллға дейін;
3. Университет намысын қорғауға қосқан үлесі – 20 баллға дейін;
4. Жыл бойғы спорттық көрсеткішінің тұрақтылығы – 20 баллға дейін;
5. Спорттық этикасы және жастарға үлгі болуы – 20 баллға дейін;

7. Үздік өнерпаз

1. Университеттің мәдени-көпшілік іс-шараларына тұрақты әрі белсенді қатысуы – 20 баллға дейін;
2. Шығармашылық қабілеті мен орындаушылық шеберлігінің жоғары болуы – 20 баллға дейін;
3. Университетте ұйымдастырылатын концерттік бағдарламалар мен мерекелік кештерге белсенді атсалысуы – 20 баллға дейін;
4. Сахна мәдениетін сақтауы және өнер көрсету барысында өзіндік ерекшелігімен көзге түсуі – 20 баллға дейін;
5. Университеттің мәдени өмірін дамытуға қосқан үлесі, жауапкершілігі мен шығармашылық белсенділігі – 20 баллға дейін.

8. Үздік TikTok парақша

1. Университет өмірін мазмұнды әрі тұрақты жариялауы – 20 баллға дейін;
2. Контенттің сапасы, креативтілігі және түпнұсқалығы – 20 баллға дейін;
3. Қаралым, қамту және аудиторияның шынайы белсенділігі – 20 баллға дейін;
4. Пайдалы, тәрбиелік және ақпараттық әсері – 20 баллға дейін;
5. Авторлық құқықты, этика мен университет беделін сақтауы – 20 баллға дейін;

9. Үздік белсенді студент

1. Университеттік іс-шараларға жүйелі қатысуы – 20 баллға дейін;
2. Қоғамдық жұмыстарда нақты жауапкершілік атқаруы – 20 баллға дейін;
3. Бастамашылдығы мен тапсырмаларды орындау сапасы – 20 баллға дейін;
4. Командаға қолдау көрсетуі және өзгелерді жұмылдыруы – 20 баллға дейін;
5. Жыл бойғы белсенділігінің тұрақтылығы мен нәтижесі – 20 баллға дейін;

10. Үздік пікірсайысшы

1. Турнирлердегі жеке және командалық нәтижелері – 20 баллға дейін;
2. Облыстық, республикалық, халықаралық жарыстардағы жетістіктері – 20 баллға дейін;
3. Дәлелді сөйлеу, талдау және шешендік шеберлігі – 20 баллға дейін;
4. Пікірсайыс қозғалысын дамытуға қосқан үлесі – 20 баллға дейін;
5. Пікірсайыс этикасы және тәлімгерлік қызметі – 20 баллға дейін;

11. Үздік жайдарманшы

1. Жайдарман сайыстарындағы нәтижелері мен марапаттары – 20 баллға дейін;
2. Сахналық шеберлігі мен әзіл мазмұнының сапасы – 20 баллға дейін;
3. Команда жұмысына қосқан жеке үлесі – 20 баллға дейін;
4. Университетті сыртқы жарыстарда танытуы – 20 баллға дейін;
5. Шығармашылық жаңалығы және сахналық әдеп – 20 баллға дейін;

12. Үздік ұйымдастырушы

1. Ұйымдастырған іс-шаралардың саны мен сапасы – 20 баллға дейін;
2. Жобаларды жоспарлау және жүзеге асыру нәтижесі – 20 баллға дейін;
3. Қатысушылар мен серіктестерді үйлестіруі – 20 баллға дейін;
4. Мәселелерді шешу және жауапкершілік деңгейі – 20 баллға дейін;
5. Іс-шараның әсері, кері байланыс және жаңашылдық – 20 баллға дейін;

13. Үздік түлек

1. Оқу кезеңіндегі академиялық және ғылыми жетістіктері – 20 баллға дейін;
2. Университеттің қоғамдық өміріне ұзақ мерзімді үлесі – 20 баллға дейін;
3. Облыстық, республикалық, халықаралық марапаттары – 20 баллға дейін;
4. Көшбасшылық пен кәсіби қалыптасудағы нәтижесі – 20 баллға дейін;
5. Университет құндылықтарын танытуы және үлгі болуы – 20 баллға дейін;

14. Үздік GPA

1. Ресми транскрипт бойынша GPA көрсеткіші – 20 баллға дейін;
2. Оқу нәтижесінің жоғары әрі тұрақты болуы – 20 баллға дейін;
3. Академиялық берешектің болмауы – 20 баллға дейін;
4. Академиялық адалдық талаптарын сақтауы – 20 баллға дейін;
5. Білім сайыстары, зерттеу немесе пәндік жобалардағы жетістіктері – 20 баллға дейін;

15. Үздік кітапхана оқырманы

1. Кітапхана қорын жүйелі әрі мақсатты пайдалануы – 20 баллға дейін;
2. Оқу және ғылыми әдебиеттерді пайдалану белсенділігі – 20 баллға дейін;
3. Кітапхананың мәдени-ағартушылық шараларына қатысуы – 20 баллға дейін;
4. Оқырмандық мәдениетті насихаттауға үлесі – 20 баллға дейін;
5. Кітапхана ережесін сақтау және жауапкершілік – 20 баллға дейін;

16. Үздік жүргізуші

1. Іс-шараларды жүргізудегі тәжірибесі мен сапасы – 20 баллға дейін;
2. Сахна тілі, дикциясы және аудиториямен байланысы – 20 баллға дейін;
3. Сценарийді меңгеруі және импровизация қабілеті – 20 баллға дейін;
4. Ресми іс-шаралардағы этикасы мен кәсібилігі – 20 баллға дейін;
5. Университет шараларына тұрақты үлесі – 20 баллға дейін;

17. Үздік волонтер

1. Еріктілік шараларына жұмсаған уақыты мен қатысу тұрақтылығы – 20 баллға дейін;
2. Қоғамдық пайдалы жұмыстың нақты нәтижесі – 20 баллға дейін;
3. Әлеуметтік және қайырымдылық жобаларға үлесі – 20 баллға дейін;
4. Топпен жұмыс, жанашырлық және жауапкершілік – 20 баллға дейін;
5. Волонтерлік бастамаларды дамыту және өзгелерді тарту – 20 баллға дейін;

18. Үздік бастама

1. Ұсынылған идеяның өзектілігі мен жаңашылдығы – 20 баллға дейін;
2. Бастаманың іс жүзінде орындалуы – 20 баллға дейін;
3. Студенттерге немесе университетке нақты пайдасы – 20 баллға дейін;
4. Қамту ауқымы және қатысушыларды жұмылдыруы – 20 баллға дейін;
5. Жобаның жалғасу мүмкіндігі мен өлшенетін нәтижесі – 20 баллға дейін;

5 Марапаттау тәртібі

5.1 «Жыл үздігі» үздіктерді анықтау кешінде жеңімпаздарға номинация атауы көрсетілген арнайы диплом және статуэтка табысталады.

5.2 Жеңімпаздар тізімі марапаттау рәсімі барысында жарияланады. Рәсімнің күні, уақыты мен орны ұйымдастыру жоспарына сәйкес белгіленеді.

5.3 Департамент қорытынды хаттаманың, марапатталғандардың тізімінің және негіз болған материалдардың белгіленген тәртіппен сақталуын қамтамасыз етеді.

6 Жауапкершілігі

6.1 «ЖЫЛ ҮЗДІГІ» үздіктерді анықтау кешi жыл қорытындысы бойынша жыл сайын **Желтоқсан** айында ұйымдастырылып, өткізіледі. Кештің ұйымдастыру және өткізу жұмыстарының белгіленген мерзімде әрі бекітілген жоспарға сәйкес жүзеге асырылуына - Жастар саясаты департаменті жауапты болады.

6.2 Жастар саясаты департаменті іс-шараның жоғары деңгейде өтуін, бекітілген бағдарламаның сақталуын және ұйымдастыру жұмыстарының үйлестірілуін қамтамасыз етеді.

6.3 Марапаттау кешіне қатысушылар іс-шара барысында университеттің ішкі тәртіп қағидаларын, қоғамдық әдеп нормаларын және белгіленген талаптарды сақтауға міндетті.

6.4 Іс-шараға қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қоғамдық тәртіптің сақталуын ұйымдастыру комитеті тиісті жауапты тұлғалармен бірлесіп жүзеге асырады.

6.5 Іс-шара өтетін орынға алкогольдік ішімдіктермен, есірткі заттарымен, сондай-ақ іс-шараның тәртібі мен қоғамдық әдеп нормаларына қайшы келетін заттармен кіруге қатаң тыйым салынады.

6.6 Іс-шараға қатысушылардың сыртқы келбеті мен киім үлгісі университеттің ішкі тәртіп қағидаларына және іс-шараның ресми форматына сәйкес болуы тиіс. Шектен тыс ашық киімдерге сондай-ақ іс-шараның ресми сипатына сәйкес келмейтін киім үлгілеріне жол берілмейді.

6.7 Іс-шараға қатысу құқығы Халел Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінің білім алушыларына және профессор-оқытушылар құрамына беріледі. Өзге тұлғалардың қатысуына ұйымдастыру тарап келісімімен ғана жол беріледі.

7 Қорытынды ережелер

7.1 Осы Ереже Университет басшылығы бекіткен сәттен бастап күшіне енеді. Бекітілген Ереженің көшірмесін құрылымдық бөлімше басшысы Университеттің мүдделі қызметкерлеріне таныстыру парағына қол қойдыру арқылы таныстырады.